

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№18 «Мерек» балалар жаны» ЖББҚ МКҚК-ның
директоры: Т.Е.Махашева
« 28 » 2022 жыл.



2022 – 2023 оқу жылдарының №10 «Шағала» ортаңғы
тобына арналған
Вариативті компонент: «Ертегілер елінде»

P/C	Тақырыбы:	Максаты:	Өткізілетін күні:	Сағат саны:
1	«Құмырсқа» ертегісі	Балаларды «Құмырсқа» ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауды үйрету; ертегі мазмұнын түсіндіру; ертегі желісі арқылы балалардың тілін, еске сақтау қабілеті мен зейінін дамыту; балалардың ертегіге қызығушылықтарын ояту; дос туралы түсінік беру, адамгершілікке тәрбиелеу.	15.09.2022жыл	1
2	Ілияс Жансүгіров (өлең) «Күз»	«Күз» өлеңімен таныстыру; балаларға күз мезгілінде болатын маусымдық өзгерістерді байқауды үйрету; еске сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу.	29.09.2022жыл	1
3	«Менің ойыншықтары м»	Сөздік қорларын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы кеңейту. Өлеңнің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту, ойыншықтардың атын атай отырып, сипаттай білуге үйрету.	06. 10.2022жыл	1
4	Күләш Ахметова «алтын дән»(өлең)	Балаларды «Алтын дән» өлеңімен таныстыру; балалардың еңбекке қызығушылығын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуді үйрету; еске сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу.	20.10.2022жыл	1
5	«Шалқан» орыс халық ертегісі	Орыс халқының «Шалқан» ертегісімен таныстыру; балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс – тұрысын талдауға, оларға баға беруге үйрету; тіл байлықтарын молайту, ертегі мазмұнын, дауыс ырғағын келтіре отырып айтуға жаттықтыру.	3.11.2022жыл	1
6	«Арыстан мен тышқан» (латыш.ертегісі)	"Арыстан мен тышқан" ертегісімен таныстыру. Ертегі мазмұнын түсіндіру, баяндау. Балаларға әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс – тұрысын талдауға баға беруге үйретуді жалғастыру; сөздік қорларын молайтып, сөйлеу қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру; ұқыпты және сабырлы болуға тәрбиелеу.	17.11.2022жыл	1

7	«Қысқы баспана» ертегісі	Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік бере отырып, балаларды жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету. Қыстың ерекшеліктерімен қызықтыра білу. Балаларға ертегіні оқып, таныстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. Бір-біріне қамқор болуға, адалдыққа, шыншылдыққа, ормандағы аңдарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сөздік	01.12.2022жыл	1
8	«Айлакер түлкі» (орыс халқы ертегісі)	Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым – қатынас әлемімен таныстыру; шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс – әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (түлкі - ку) сипаттама бере білуге үйрету; көркем сөйлеу қабілеттерін, адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту; өзге адамдарға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту. Сөздік қорларын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы кеңейту.	15.12.2022жыл	1
9	«Шұбар тауық» ертегісі	Балаларды ертегіні зейін қойып, аяғына дейін тындауға үйрету. Тәрбиешінің сұрақтарына анық жауап беруге, бірінің - бірі жауабын тындауға, өз - өздеріне сенімділікке, кейіпкерлерге деген мейірімділік, аяушылық сезімге тәрбиелеу. Белсенді сөздік қорларын, дамыту.	05.01.2023жыл	1
10	«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі	"Қасқыр және жеті лақ" ертегісімен таныстыру; балаларға әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс – тұрысын талдауға баға беруге үйретуді жалғастыру; сөздік қорларын молайтып, сөйлеу қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру; ұқыпты және сабырлы болуға тәрбиелеу. Сөздік қорларын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы кеңейту.	19.01.2023жыл	1
11	М. Жаманбаевтың «Құлыншақ» (өлең)	Құлыншақ өлеңімен таныстыру балалардың көркем әдебиеттегі адамгершілік әлемімен таныстыру. есте сақтау қабілеттерін дамыту, байланыстыра сөлеуге дағдыландыру, туынды мағынасын түсіну, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалау.	02.02.2023жыл	1
12	«Жұмыстың бәрі жақсы»	М. Әлімбаевтың өлеңімен таныстыру; балаларды қоршаған ортаның жан –	16.02.2023жыл	1

	(өлең) М.Әлімбаев	жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар (мамандық) арқылы кеңейту; туынды кейіпкерлерінің іс – әрекетін бағалау, алған әсерлерін өз ойларымен айтып беруге дағдыландыру; кез – келген мамандыққа құрметпен қарауға тәрбиелеу.		
13	«Ана» (өлең) Ө.Тұрманжанов	«Ана» өлеңімен таныстыру; Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы білімдерін қалыптастыру; анаға деген құрметін, балалық сезімдерін сөз арқылы жеткізе білуді дамыту; аналар еңбегін қадірлеуге баулу.	01.03.2023жыл	1
14	Ертегілер әлемі	"Жайлау" өлеңімен таныстыру; балаларды жайлаумен, оның орналасатын жерімен таныстыру, ондағы үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту; есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; табиғатқа, ондағы тіршілік иелеріне деген сүйіспеншілік сезімдеріне баулу.	15.03.2023 жыл	1
15	«Айболит» ертегі	Балаларды өзге халықтардың әдеби шығармаларымен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауды, кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынас әлемімен таныстыру, кейбір адамгершілік қасиеттерге сипаттама беруді үйрету; көркем сөйлеу қабілеттерін, адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Өзге адамдарға мейірімділі, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту.	5.04.2023жыл	1
16	Т.Молдағалиев «Ұшқыш» (өлең)	Балаларды Т. Молдағалиевтың өлеңімен таныстыру, балалардың ғарыш, ғарышкерлер туралы түсініктерін қалыптастырып, ғарышкер мамандығына деген қызығушылықтарын арттыру. Сөздік қорларын кеңейту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	19.04.2023жыл	1
17	Ю.Тувим «Бәріміз үшін бәрі де» (өлең)	Бәріміз үшін бәрі де" өлеңімен таныстыру; балаларды құрдастарымен қарым – қатынас жасау және өзара әрекет; есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; мамандықтарға деген құрмет сезімдеріне, еңбегін қадірлеуге баулу. Ұжыммен жұмыс жасауды үйрету.	3.05.2023жыл	1